



Бекітемін
Нұр-Айым жекеменшік
балабақша меңгерушісі
А.Б. Есетова
01.09.2025 ж

**«Нұр-Айым» балабақшасының
2025 – 2026 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына³ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бастауыш білім беру мазмұнымен сабақтастықты қамтамасыз ететін ұйымдастырылған іс-әрекеттің мынадай түрлерін қамтиды: коммуникативтік («Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі»), коммуникативтік және танымдық («Сауат ашу негіздері»), танымдық және зерттеу («Математика негіздері», «Қоршаған әлеммен таныстыру»), шығармашылық («Сурет салу», «Музыка», «Жапсыру»).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына⁶ сәйкес мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бір іс-әрекеттің ұзақтығы - 20-25 минутты құрайды.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі - Үлгілік бағдарлама) сәйкес іске асырылады.

“Нұр-Айым” жекеменшік бақшасында 3 топ жұмыс жасайды. Оқыту тілі қазақ тілінде жүргізіледі.

Кіші топ (2 жастан бастап) - «Балапан» тобы

Ортаңғы топ (3 жастан бастап) – «Жұлдыз» тобы

МАД тобы (5 жастан бастап) - «Кұлыншақ» тобы

I. Өткен оқу жылында атқарылған жұмыстың есебі

1. Жалпыға бірдей білім беру қызметін ұйымдастыру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде айқындалған басты міндеттерінің бірі оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгерту болып табылады.

Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті - құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (2020 жығы 24 қыркүйектегі № 412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы.),Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді. 2025 жылғы 2 мамырдағы№123 бұйрық негізінде.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды үлгілік бағдарламаның міндеттеріне сәйкес балалардың физикалық коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруды жүзеге асыру мақсатында балабақшаның жылдық жоспарлары құрылып аудандық білім бөлім басшымен,балабақша меңгерушісімен бекітілді.

Балалардың даму деңгейлері бойынша мониторинг жүргізілді. **Биылғы оқу жылында ұйымдастырылған іс-әрекетке төмендегідей көлемде сағат алынды:**

1. Кіші топтарда: Дене шынықтыру - 3 сағат, музыка - 1сағат
2. Ортаңғы топтарда: Дене шынықтыру - 3 сағат, музыка - 1сағат
3. Ересек топтарда: Дене шынықтыру - 3 сағат, музыка - 2 сағат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бойынша перспективалық жоспар құрылды. Перспективалық жоспарға, күн тәртібіне сай апталық циклограмма жазылды. **2025-2026 оқу жылының Жылдық жоспары төмендегі бөлімдерді құрайды:**

1.Педагогтердің біліктіліктері мен кәсіби шеберліктерін арттыру

- 1.1Біліктілікті арттыру курстары
- 1.2 Аттестаттау құжаттары жоспары

2.Педагогикалық –ұйымдастырушылық жұмыс

- 2.1Педагогикалық кеңес
- 2.2Әдістемелік кеңес
- 2.3Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу

2.4Семинар.семинар-практикум.Шеберлік сыныптары

2.5Ашық есік күні

2.6 Экскурсия,Көрмелер (Тәрбие бағыты)

2.7Дене шынықтыру-сауықтыру шаралары

2.8 «Жасыл балабақша» экологиялық тәрбие жоспары

3.Тәрбиеленушілердің отбасымен өзара қарым-қатынас

3.1 Ата-аналар жиналысы

3.2 Ата-аналар мен балалар біріккен іс-шара жоспары (Конкурстар,Акциялар,мерекелер, ойын сауықтар)

3.3 Әкелер мектебі

3.4 Аналар мектебі

4.Орта білім беру ұйымдарымен өзара қарым –қатынас жоспары

5.Жазғы сауықтыру кезеңі бойынша жұмыс жоспары

6.Бақылау.Бақылау түрлері (Шұғыл,фронтальді,кешенді, тақырыптық)

7.Әкімшілік –шаруашылық жұмыс

7.1 Өндірістік жиналалыс жоспары

7.2 Меңгеруші жанындағы жиналыс

7.3 Қауіпсіздік бойынша алдын алу шаралары

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие құндылықтарын дамыту негізінде әр айға кіріктірілетін құндылықтар:

1. **Қыркүйек**-Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы.
2. **Қазан айы**-Бірлік және ынтымақ айы
3. **Қараша айы** –Әділдік және жауапкершілік айы
4. **Желтоқсан айы** –Тәуелсіздік және отаншылдық айы
5. **Қаңтар айы**-Заң және тәртіп айы
6. **Ақпан айы**-Жасампаздық және жаңашылдық айы
7. **Наурыз айы**-Тәуелсіздік және отаншылдық айы
8. **Сәуір айы**-Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
9. **Мамыр айы**-Бірлік және ынтымақ айы

Күнделікті:

-«Ұлттық ойын»

-«Өнегелі минут»

-«үнемді тұтыту»

-«күй күмбірі» **Апта**

сайын:

-Гимн орындайды

-Қауіпсіздік бойынша шаралар

-Цифрлық сауаттылықты дамыту ИИ мен жұмыс

2025 – 2026 оқу жылына қойылатын мақсаттар мен міндеттер:

Мақсаты:

- МДҰ-да балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету.
- «Жасыл балабақша» жобасы бойынша экологиялық білім беру
- «Тәрбие бегісі» жобасын іске асыру
- Ұлттық құндылықты дәріптей отырып заманауи технологияларды балаларға меңгерту.
- Адалдық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту

Міндеті:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:
- тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету,
- басшының қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту,
- алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау;
- баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау

1.3 Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары

Мақсаты:

Педагогикалық кадрлардың кәсіби біліктілігін бағалау және олардың біліктілік санаттарын анықтау. Педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру және үздік педагогикалық тәжірибені анықтау.

Міндеттері:

Педагогтардың кәсіби қызметін кешенді түрде талдау.

Аттестаттау процесін әділ және ашық ұйымдастыру. Педагогтардың кәсіби дамуына ықпал ету.

№	Іс-шараның атауы	Мақсаты	Өткізілу мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту	Аттестаттау процесін ұйымдастыру	Қыркүйек	Балабақша меңгерушісі
2	Аттестаттау комиссиясының отырысы	Жұмыс жоспарын бекіту, педагогтардың тізімін анықтау	Қыркүйек	Аттестаттау комиссиясы
3	Аттестаттауға қатысатын педагогтарды анықтау	Аттестаттауға қатысушылардың тізімін бекіту	Қыркүйекқазан	Аттестаттау комиссиясы
4	Педагогтардың өзін-өзі бағалау парақтарын жинау	Педагогтардың кәсіби қызметін талдау	Қазан	Аттестаттау комиссиясы
5	Ашық сабақтар мен іс-шаралар өткізу	Педагогтардың кәсіби шеберлігін бағалау	Қазанжелтоқсан	Педагогтар, комиссия мүшелері
6	Педагогтардың кәсіби қызметі туралы пікірлер жинау (ата-аналар мен әріптестерден)	Педагогтардың қызметін кешенді бағалау	Қазанжелтоқсан	Аттестаттау комиссиясы
7	Аттестаттау комиссиясының отырысы (аралық есеп)	Аралық нәтижелерді талқылау	Желтоқсан	Аттестаттау комиссиясы
8	Аттестатталушы педагогтардың портфолиосын жинау және талдау	Педагогтардың жетістіктерін көрсету	Желтоқсанқаңтар	Аттестаттау комиссиясы
9	Аттестаттау қорытындысы бойынша комиссияның шешімін шығару	Педагогтардың біліктілік санатын анықтау	Ақпан	Аттестаттау комиссиясы
10	Аттестаттау нәтижелері бойынша есеп беру	Аттестаттау нәтижелерін жариялау	Наурыз	Аттестаттау комиссиясы
№	Іс-шараның атауы	Мақсаты	Өткізілу мерзімі	Жауапты тұлғалар

11	Аттестаттаудың қорытындысын талқылау және кері байланыс беру	Педагогтарға ұсыныстар беру, кәсіби дамуға бағыттау	Наурыз	Аттестаттау комиссиясы, педагогтар
----	--	---	--------	------------------------------------

Қорытынды:

Аттестаттау процесі педагогтардың кәсіби деңгейін әділ бағалауға және олардың білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, үздік педагогикалық тәжірибені анықтау және дамыту бойынша жұмысты жалғастыруға мүмкіндік береді.

2.Педагогикалық –ұйымдастырушылық жұмыс 2.1.Педагогикалық кеңес

Мақсаты: тәрбие-білім беру үдерісінің деңгейін арттыру, педагогика ғылымының жетістіктері мен озық тәжірибені практикада пайдалану үшін БҰ ұжымының күш-жігерін біріктіру.

№	Күн тәртібі	Өткізу күні	жауапты
1. № 1 Педагогикалық кеңес Өткізу нысаны: отырыс	Күн тәртібінде: 1. Балабақшаның жаңа 2025-2026 оқу жылына дайындығы 2. Жаз мезгілінің есебі 3. МДҰ –ның үлгілік оқу жоспарымен үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру , 2025-2026 оқу жылының нұсқаулықтағы ерекшеліктерімен таныстыру. 4. Топтардың перспективалық жоспарын бекіту	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
2. № 2 Педагогикалық кеңес	1.Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау. 2. «МДҰ-да ойын технологиясы» хабарлама	Қараша	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар

«Білім беру процесінде инновациялық технология қолдану» Өткізу нысаны: Дөңгелек үстел	3. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары (презентация). 4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» шеберлік сыныбы (жас топтардың тәрбиешілері). 5. Бірлік және ынтымақ айының есебі		
3. № 3 Педагогикалық кеңес «Педагогикалық ассамблея». Өткізу нысаны: озық педагогикалық жұмыс тәжірибесінің презентациясы	1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нәтижелері. 2. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг нәтижелері. 3. Жасыл балабақша жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар 4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту». 5. «Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін ойын арқылы дамыту» 6. Өділдік пен жауапкершілік айының есебі.	Қаңтар	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
4. № 4 Педагогикалық кеңес «Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру» Өткізу нысаны: сұхбат	1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау. 2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдіс пен тәсілдер» (презентация). 3. Ата-ана консультативтік бұрышының жұмыс жасау есебі 4. «Балалармен қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тәрбиешілерге арналған ұсыныстар» (презентация). 5. Тәуелсіздік пен отаншылдық айының есебі.	Наурыз	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

№ 5 Педагогикалық кеңес «Оқу жылының қорытындысы» Өткізу нысаны: Дөңгелек үстел	1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау. 2. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізу туралы есеп. 3. Балалардың даму деңгейінің психологиялық диагностикасы. 4. Тәрбиешілерді жазғы сауықтыру маусымына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру. Жоспар, күн тәртібін бекіту.	Маусым	Меңгеруші, әдіскер, барлық жас тобы тәрбиешілері, мамандар, педагог-психолог
---	---	----------------------	---

2.2 Әдістемелік кеңестер

Мақсаты:

Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру.

Оқу-тәрбие процесін жақсарту, инновациялық технологияларды енгізу.

Балабақшадағы білім беру үдерісінің сапасын арттыру.

Міндеттері:

Педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

Жаңа педагогикалық технологияларды зерделеу және енгізу. Оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен мазмұнын жетілдіру.

Әдістемелік кеңес жоспары

Іс-шараның Мақсаты	Күн тәртібінде	Өткізілу мерзімі	Жауапты тұлғалар
1.Жаңа оқу жылындағы әдістемелік қызметтің басым бағыттарын айқындау	- Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау - Оқу бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру - Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау -«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау	Қыркүйек, 2025 ж.	Әдіскер
2.Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл дамыту және сауат ашу жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау	- Тілдік ортаны қалыптастыру - Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістерін қарастыру	Қазан, 2025 ж.	Әдіскер, тәрбиешілер
3.Қысқы кезеңдегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру. Серуен және денсаулық сақтау шараларын меңгеру	- Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау - Қимылды ойындар мен серуен түрлерін талдау -Тәуелсіздік пен отаншылдық айының маңызы, бала бойында отанға сүйіспеншілікті орнату мен педагог құндылығы байланысы	Желтоқсан, 2025 ж.	Медбике, әдіскер
4.Ойын арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту	- Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды талдау - Ойын ортасын құрудың тиімді жолдарын қарастыру	Ақпан, 2026 ж.	Әдіскер, тәрбиешілер
5.Жылдық оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау. Педагогтің кәсіби дамуындағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындау	- Әдістемелік жұмыстың нәтижесін саралау - Педагогтердің рефлексиясы - Жаңа оқу жылына ұсыныстар	Сәуір, 2026 ж.	Әдіскер, меңгеруші

«Нұр-Айым» жекеменшік балабақшасының педагогтарының жас мамандармен жұмыс жоспары

№	Жүргізілен жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Жас мамандарға тәлімгер бекіту, тағайындау, бұйрық шығару. Бала қауіпсіздігі нұсқаулықтармен таныстыру	қыркүйек	Меңгеруші

2	Оқу тәрбие жоспарларын жасау үлгілері жөнінде нұсқау беру кеңес -«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары мен жұмыс жасау	қыркүйек	Әдіскер
3	Жас маманға ата-аналармен қарым-қатынас жөнінде ақыл кеңес беру	қазан	Меңгеруші
4	Апталық циклограмманы жоспарлау	Үнемі	Әдіскер _____
5	Балалар индикаторымен баланың даму картасы	Қазан	Тәлімгер
6	Балалардың денсаулықты нығайту, сауықтыру жұмыстарның ұйымдастыру жолдары	Қыркүйек	Тәлімгер
7	Серуенді жоспарлап ұйымдастыру жолдары	Үнемі	Медбике
8	Практикалық ойын сабақтар (ай сайын жоспарға сай)	Қаңтар	Әдіскер
9	Жас мамандарға диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруда, ата - аналармен сауалнама жүргізуде көмек көрсету	Қараша	Психолог
10	«Білім берудегі инновациялық технологиялар және оларды тиімді қолдану әдістері» кеңес	Желтоқсан	Әдіскер
11	«Сюжетті- рөлді ойындар ұйымдастырып өткізу» ақыл Кенес, «Үнемді тұтыну» жоспарын құру жолдарын көрсету	Қаңтар	Тәлімгер
12	Жас мамандардың шығармашылық есебі	Сәуір	Педагогикалық ұжым
13	Тәлімгерлердің қорытынды есебі	мамыр	Педагогикалық ұжым

**2.3.Ұйымдастырушылық әдістемелік жұмыс Озық
педагогикалық тәжірибе**

Мақсаты: Оқыту мен тәрбиелеу мазмұнының сапалық деңгейін көтерудегі педагогтардың белсенділігін арттыру

№	Тәрбиешінің Аты-жөні	Тақырыбы	Топтар	Мерзімі
1	Оңайбаева Жанар Акбергенова Алия	«Таза аула жарқын болашақ» 4 жастағы балаларға арналған	Мад «Құлыншақ» тобы	Қыркүйекқазан айы
2	Жабаева Гауһар Сисекенова Зәуреш	«Ұлттық мұрам-мақтанышым» 3 жастағы балаларға арналған	Ортаңғы «Жұлдыз» тобы	Қазан-ақпан
4	Утегенова Арайлым Құдайбердиева Райхан	«Үнемдеген –үлгі болған» 2 жасқа	Балапан кіші топ	Желтоқсанқазан

2.5 Топтардың ашық іс-әрекеттер күні

Жас тобы	Іс-әрекет	Мақсаты	Әдісі	Мерзімі
2 жас (кіші топ)	«Қуыршаққа көмектесейік» сюжеттік ойын	Үлкенге қамқор болу, сөйлеуді дамыту	Киіндіру, тамақтандыру, серуенге шығару рөлдік ойыны	Желтоқсан
2 жас	«Құмдағы қазына»	Сенсорика, ізденушілік қабілет	Құм ішінен ойыншық табу	Қаңтар
3 жас (орта топ)	«Дәмін тап»	Танымдық қабілет, иіс, дәм сезу	Көзді жұмып, жеміс-жидектердің дәмін ажырату	Ақпан
3 жас	«Көңілді пойыз»	Қимыл белсенділігін дамыту	Ән айтып, пойыз боп жүру	Наурыз
4 жас (ересек топ)	«Қазақтың ұлттық ойындары»	Ұлттық құндылықтарға баулу	«Ақ серек, көк серек», «Асық ату»	Сәуір
4 жас	«Логикалық көпір»	Ойлау қабілеті, математикалық түсінік	Суреттерді сәйкестендіру, пішіндерді құрастыру	Мамыр

2.6 Экскурсия, Көрмелер (Тәрбие бағыты)

Ай	Айлық тақырып	Іс-шара түрі	Іс-шара атауы	Мақсаты
Қыркүйек	Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы	Фото-көрме	«Менің ата-анамның еңбегі»	Балаларды еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу
		Экскурсия	Асхана/жылыжайға саяхат	Еңбек процесін көру, еңбектің маңызын түсіну
Қазан	Бірлік және ынтымақ айы	Көрме	«Достық әлемі» балалар суреттері	Достық пен ынтымақты насихаттау
		Экскурсия	Мәдениет үйіне бару	Ұжымдық іс-шаралармен танысу
Қараша	Әділдік және жауапкершілік айы	Көрме	«Мен жауапкершілікті баламын» фотоколлаж	Жауапкершілікке тәрбиелеу
		Экскурсия	Кітапханаға бару	Заң, әділдік туралы ертегілермен танысу
Желтоқсан	Тәуелсіздік және отаншылдық айы	Көрме	«Менің Отаным – Қазақстан»	Патриоттық сезімді дамыту
		Экскурсия	Тәуелсіздік ескерткішіне бару	Тарихи орындармен танысу
Қаңтар	Заң және тәртіп айы	Көрме	«Қауіпсіздік бұрышы»	Қауіпсіздік ережелерін бекіту
Ақпан	Жасампаздық және жаңашылдық айы	Көрме	«Болашақ өнертапқыштар»	Шығармашылық және ойлап табу қабілетін дамыту
		Экскурсия	Шеберхана немесе өнер мектебі	Жаңашылдықты көру, үйрену
Наурыз	Тәуелсіздік және отаншылдық айы	Көрме	«Наурыз – береке мен бірлік мерекесі»	Ұлттық дәстүрді насихаттау
		Экскурсия	Этноауылға бару	Қазақтың салт-дәстүрімен танысу
Сәуір	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	Көрме	«Еңбек – қуаныш»	Балаларды еңбекке баулу
		Экскурсия	Мектеп шеберханасы немесе баубақша	Қол еңбегі мен табиғат еңбегін көру
Мамыр	Бірлік және ынтымақ айы	Көрме	«Бейбіт өмір – бақыт кілті»	Достықты, бейбітшілікті бағалауға тәрбиелеу
		Экскурсия	Саябақ/мәдени шара	Қоғамдық орын мәдениетін үйрету

2.7 Дене шынықтыру-сауықтыру шаралары

№	Негізгі іс-әрекет мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1.Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір сүруді насихаттауда гигиеналық талаптарды орындалуы мен баланың жеке ерекшеліктерін есепке алу жұмыстарын қамтамасыз ету.	Тұрақты	Барлық топ тәрбиешілері
2	Дене шынықтыру шаралары: -таңертеңгі жаттығу -дене шынықтыру сабақтары -кимыл-қозғалыс спорттық ойындар		Медбике
3	Денсаулық сақтаудың педагогикалық технологиялық әдіс-тәсілдерін дамыту -шынықтыру алашаларымен жүріп өту -арқаға массаж жасау -көз жаттығулары -саусақ жаттығулары -ырғақты би -су процедулары -серуен (ауа ванналары)	Тұрақты	Медбике Барлық топ тәрбиешілері
4	Топтарда санитарлық гигиеналық шараларды күнделікті орындау	Тұрақты	Медбике шаруашылық меңгерушісі
5	Балабақшада жарақат алудың алдын алу шаралары (қауіпсіздік техникасын сақтау, топтарды жиһаздармен жабдыөтай отырып бекітіп нығайту жұмыстары)	Тұрақты	Медбике меңгерушісі
6	Күнделікті балаларға берілетін тамақ сапасын бақылау	Тұрақты	Меңгеруші медбике
7	Әр түрлі инфекциялы жұқпалы ОРВИ ауруларды алдын алу шаралары	Тұрақты	Медбике
8	Дене тәрбиесі бойынша қорытынды жұмыстар: -барлық топ тәрбиешілердің ойын-сауықтарды өткізу бойынша қорытындысы - медбике қызметкерлерінің жартыжылдықта жасалған жұмыстарының қорытындысы -шынықтыру сауықтыру жұмыстарының қорытындысы оқу іс әрекеті алдын алу іс шаралары сауықтыру)	Жылына 2 рет	Медбике
9	Ішек құрт ауруларына балаларды тексеру	Тұрақты	Медбике
	Туберкулезді айқындайтын себептерді алдын алу шаралары		

10	Ата - аналарға кеңес. «Балаңыздың денсаулығы қалай?» «Мәдени гигиеналық шаралар» «Тамақтану мәдениеті»	Жылына 2 – 3 рет	Медбике
11	«Денсаулық фестивалі». Балабақша қызметкерлері арасында	қыркүйек	Медбике

2.8 «Жасыл балабақша» экологиялық тәрбие жоспары

Мақсаты:

- Балалардың табиғатқа сүйіспеншілігін, қамқорлық сезімін тәрбиелеу
- Экологиялық мәдениет пен жауапкершілік қалыптастыру
- Педагогтардың экологиялық білімін жетілдіру

2.8.1 Балалармен жұмыс жоспары

№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты
1	Қыркүйек	«Табиғат – біздің ортақ үйіміз»	Әңгіме, сурет қарау	Табиғатты қорғау түсінігін қалыптастыру
2	Қазан	«Алтын күз сыйлығы»	Табиғи материалдардан көрме	Күзгі өсімдіктерді тану
3	Қараша	«Құстарға қамқор болайық»	Құстарға ұя дайындау	Құстарды қорғау, қыста азық беру
4	Желтоқсан	«Қысқы орман»	Серуен, бақылау	Қысқы табиғат құбылыстарын бақылау
5	Қаңтар	«Табиғаттағы су»	Тәжірибе жасау	Су қасиеттерін зерттеу
6	Ақпан	«Ауа – өмір тынысы»	Ойын, тәжірибе	Ауаның маңызын түсіндіру
7	Наурыз	«Наурыз көктемі»	Ағаш отырғызу	Көгалдандыруға қатысу
№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты

8	Сәуір	«Таза аула»	Сенбілік	Қоршаған ортаны тазалау
9	Мамыр	«Гүлдер әлемі»	Гүл егу	Өсімдіктерді күту дағдыларын дамыту

2.8.2. Педагогтармен жұмыс жоспары

№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты
1	Қыркүйек	«Жасыл балабақша» жобасымен таныстыру	Әдістемелік кеңес	Жобаның мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру
2	Қазан	«Табиғи материалдарды қолдану»	Шеберлік сыныбы	Экологиялық сабақтарда тиімді қолдану
3	Қараша	«Экологиялық ойындар»	Тәжірибе алмасу	Табиғатқа тәрбиелеудің ойын түрлері
4	Желтоқсан	«Қысқы бақылаулар»	Фотоотчет талқылау	Балалармен табиғатты бақылау әдістері
5	Қаңтар	«Экология және STEAM»	Семинар	Ғылым мен шығармашылықты біріктіру
6	Ақпан	«Эко-ертегілер»	Әдеби сағат	Экологиялық мазмұндағы әдеби шығармалар
7	Наурыз	«Көгалдандыру әдістері»	Практикалық сабақ	Ағаш, гүл отырғызу әдістемесі
8	Сәуір	«Таза аула – жарқын болашақ»	Акция	Бірлескен тазалық жұмысы
9	Мамыр	«Жасыл балабақша – жыл қорытындысы»	Қорытынды жиналыс	Нәтижелерді талдау, ұсыныстар енгізу

3.Тәрбиеленушілердің отбасымен өзара қарым-қатынас

3.1 Ата-аналар жиналысы

Уақыты	Іс-шара атауы	Мазмұны	Жауапты
Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы №1 – «Жаңа оқу жылы: мақсаттар мен міндеттер»	Балабақша жұмыс жоспарын таныстыру, топ тәртібі, қауіпсіздік ережелері	Әдіскер, тәрбиеші
Қаңтар	Ата-аналар жиналысы №2 – «Баланың дамуы: бірінші жартыжылдық қорытындысы»	Балалардың даму картасын талдау, үйдегі қолдау жолдары	Әдіскер, тәрбиеші
Мамыр	Ата-аналар жиналысы №3 – «Жазғы қауіпсіздік пен денсаулық»	Жаз мезгілінде баланың қауіпсіздігі, шынықтыру шаралары, демалыс жоспары	Әдіскер, медбике

3.2 Ата-аналар мен балалар біріккен іс-шара жоспары (Конкурстар,Акциялар,мерекелер, ойын сауықтар)

Уақыты	Іс-шара атауы	Мазмұны	Бағыты
Қазан	Ашық есік күні – «Балабақша өміріне саяхат»	Ата-аналарға ашық сабақтар мен шығармашылық шеберханаларды көрсету	Танымдық, серіктестік
Желтоқсан	Фото/сурет көрмесі – «Менің Отаным – Қазақстан»	Балалардың патриоттық тақырыптағы шығармашылығын ата-анамен бөлісу	Ұлттық
Ақпан	Семинар-тренинг – «Отбасындағы тәрбие: ата-ана рөлі»	Ата-аналарға психологиялық және педагогикалық кеңес	Психологиялық
Уақыты	Іс-шара атауы	Мазмұны	Бағыты

Наурыз	Мерекелік іс-шара – «Наурыз – бірлік пен береке мерекесі»	Ұлттық ойындар, тағамдар жәрмеңкесі, сахналық қойылым	Ұлттық, бірлік
Сәуір	Экологиялық акция – «Таза аула – жарқын болашақ»	Балалар, ата-ана, педагог бірлесіп аула тазалау және гүл отырғызу	Экологиялық
Мамыр	Қорытынды мереке – «Балалық шақ – бақыт әлемі»	Жыл бойғы жетістіктерді көрсету, алғыс хат тапсыру	Шығармашылық, бірлік

3.3 Әкелер мектебі

Мақсаты:

Әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру

Ұлттық құндылықтар мен отбасылық дәстүрлерді насихаттау

Балалармен бірлескен іс-шаралар арқылы әке мен бала арасындағы байланысты нығайту

№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты
1	Қыркүйек	«Әке – отбасының тірегі»	Дөңгелек үстел	Әкелердің тәрбиелік рөлін талқылау
2	Қазан	«Әкемен бірге спортта»	Спорттық жарыс	Қозғалыс белсенділігін арттыру
3	Қараша	«Отбасылық қауіпсіздік»	Тренинг	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелерін үйрету
4	Желтоқсан	«Шебер әке»	Шеберлік сыныбы	Ағаш, металл, қолөнер бұйымдарын жасау
5	Қаңтар	«Әкемен бірге оқимын»	Оқу сағаты	Бірге кітап оқу арқылы байланысты нығайту
6	Ақпан	«Әскер – абырой»	Кездесу	Әскери қызметшілермен кездесу, Отан қорғау
№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты

7	Наурыз	«Ұлттық ойындар күні»	Ойындар сайысы	Қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау
8	Сәуір	«Табиғатты аялау – ұрпақ парызы»	Экологиялық сенбілік	Табиғатты қорғау шаралары
9	Мамыр	«Әкем – менің досым»	Қорытынды кеш	Жыл бойғы нәтижелерді қорытындылау

3.4 Аналар мектебі

Мақсаты:

Аналардың бала тәрбиесіндегі маңызын айқындау
Отбасылық дәстүрлер мен ұлттық тәрбиені нығайту
Баланың жан-жақты дамуына қолдау көрсету

№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты
1	Қыркүйек	«Ана – мейірім шуағы»	Психологиялық тренинг	Ана мен бала арасындағы эмоциялық байланысты нығайту
2	Қазан	«Дәмді тағамдар шеберлігі»	Шеберлік сыныбы	Ұлттық тағамдар әзірлеу
3	Қараша	«Бала қауіпсіздігі – басты назарда»	Әңгіме, бейнеролик	Үйдегі және серуендегі қауіпсіздік
4	Желтоқсан	«Қысқы ертегілер әлемі»	Шығармашылық кеш	Бірлескен ертегі құрастыру, сахналау
5	Қаңтар	«Дені сау бала – бақытты отбасы»	Дәрігер кеңесі	Баланың денсаулығын сақтау жолдары
6	Ақпан	«Ана және өнер»	Көрме	Аналардың қолөнер туындылары
7	Наурыз	«Наурыз дастарханы»	Ұлттық мереке	Дәстүрлі тағамдар мен салттарды таныстыру
№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты

8	Сәуір	«Көгалдандыру күні»	Экологиялық акция	Мектеп ауласын гүлдендіру
9	Мамыр	«Анам – менің тірегім»	Қорытынды кеш	Жылдық жұмысты қорытындылау

4.Орта білім беру ұйымдарымен өзара қарым –қатынас жоспары

Мектеппен өз-ара байланыс

Мақсаты:

Мектеп пен балабақша арасында сабақтастық орнату

Мектепке дейінгі жастағы балаларды мектепке психологиялық, танымдық, әлеуметтік тұрғыдан дайындау Ата-аналармен серіктестік қатынас орнату

Ай	Іс-шара атауы	Мазмұны	Жауапты
Қыркүйек	Біріккен отырыс – «Бір мақсат – сапалы білім»	Мектеп пен балабақша педагогтерінің жұмыс бағытымен танысу, жылдық жоспарды бекіту	Мектеп директоры, әдіскер
Қазан	Мектепке экскурсия	МАД тобының оқушыларға арналған мектеп ғимаратын, сыныптарын көруі, кітапханамен танысу	МАД тәрбиешісі, бастауыш сынып мұғалімі
Қараша	Ашық сабақ алмасу	МАД тобы мен 1-сыныпта сабақтарға қатысу, әдістәсілдерді талқылау	МАД тәрбиешісі, 1-сынып мұғалімі
Желтоқсан	Мерекелік іс-шара – «Тәуелсіз елдің ұрпағы»	Балабақша мен мектеп оқушыларының бірлескен концерті	Тәрбиешілер, мұғалімдер

Қаңтар	Психологиялық тренинг – «Менің мектепке дайынмын»	Мектеп психологы мен балабақша психологының балалармен топтық жұмысы	Психологтар
Ақпан	Біріккен шығармашылық көрме – «Менің арман мектебім»	Балалар сурет, аппликация, макеттер арқылы арманындағы мектеп бейнесін жасайды	Тәрбиешілер, мұғалімдер
Ай	Іс-шара атауы	Мазмұны	Жауапты
Наурыз	Ұлттық мереке – «Наурыз – бірлік мерекесі»	Ұлттық ойындар, тағамдар, сахналық қойылым	Мектеп және балабақша педагогтері
Сәуір	Ашық есік күні – «Бір күн мектепте»	МАД тобы балалардың мектепте сабаққа қатысуы, үзіліс, асхана, спортзалмен танысуы	Мектеп ұжымы
Мамыр	Қорытынды кездесу – «Сау бол, балабақша!»	МАД тобының мектепке шығарып салу рәсімі, 1-сынып мұғалімдерімен танысу	Әдіскер, мұғалімдер

5. Жазғы сауықтыру кезеңі бойынша жұмыс жоспары Мақсаты:

Балалардың денсаулығын нығайту, физикалық және психозмоционалдық жағдайын жақсарту.

Табиғат аясында сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру арқылы балалардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Жазғы демалыс кезінде балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

Жазғы демалыс кезінде балалардың белсенді демалысын ұйымдастыру.

Спорттық, мәдени және шығармашылық іс-шаралар арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту. Балаларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру және осы ережелерді сақтау.

Жазғы сауықтыру демалысы жоспары Ұйымдастыру кезеңі (мамыр айы):

Балалардың демалысын жоспарлау және ұйымдастыру тобының құрамын анықтау.

Сауықтыру бағдарламасын жасау, іс-шаралар жоспарын бекіту.

Балалардың денсаулық жағдайын тексеру, медициналық тексеру жүргізу.

Қауіпсіздік ережелері бойынша педагогтармен және ата-аналармен түсіндіру жұмыстары.

2. Іс-шаралар жоспары:

Іс-шараның атауы	Мақсаты	Өткізілу мерзімі	Жауапты тұлғалар	Қатысушылар
------------------	---------	------------------	------------------	-------------

Табиғат аясындағы серуендер	Табиғатпен танысу, қоршаған ортаға қамқорлықты арттыру	Аптасына 2 рет	Тәрбиешілер	Барлық топтар
Іс-шараның атауы	Мақсаты	Өткізілу мерзімі	Жауапты тұлғалар	Қатысушылар
"Жазғы спорттық ойындар" фестивалі	Балалардың физикалық белсенділігін арттыру	Маусым	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Орта және ересек топтар
"Су – тіршілік көзі" танымдық сағаты	Су ресурстарын қорғауға үйрету	Шілде	Тәрбиешілер	Орта және ересек топтар
Шығармашылық шеберлік сағаттары	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	Аптасына 1 рет	Тәрбиешілер	Барлық топтар
"Көңілді старттар" спорттық жарысы	Командалық ойындар арқылы балалардың достық қарым-қатынасын нығайту	Шілде	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Барлық топтар
Театрланған қойылымдар мен ертегілер	Эстетикалық тәрбие беру, балалардың шығармашылығын дамыту	Маусымшілде	Тәрбиешілер	Орта және ересек топтар
Құм мен судан жасалатын мүсіндер сайысы	Қолмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту	Тамыз	Тәрбиешілер	Барлық топтар
Экологиялық экскурсиялар	Табиғатты қорғау және сақтау туралы білім беру	Аптасына 1 рет	Тәрбиешілер	Орта және ересек топтар

3. Қауіпсіздік шаралары:

Жазғы демалыс кезінде балаларды күннен қорғау, дұрыс киім киюін қамтамасыз ету.

Су жағасында және серуендерде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Педагогтар мен ата-аналарға қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулық беру.

4. Тамақтану және демалыс режимі:

Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру (жаңа піскен жемістер мен көкөністерді енгізу).

Күнделікті демалыс және ұйқы режимін сақтау.

5. Қорытынды іс-шаралар:

Жазғы сауықтыру демалысының соңында балалардың қатысуымен қорытынды мереке өткізу. Балаларға және педагогтарға белсенді қатысқаны үшін марапаттар беру.

6.Бақылау.Бақылау түрлері (Шұғыл,фронтальді,кешенді, тақырыптық) Мақсаты:

Барлық топтар бойынша педагогикалық үрдісті және педагогтарға әдістемелік көмек көрсету

Оқу іс-әрекеттер мен тәрбие жұмысын тақырыпты, салыстырмалы тексеру.

№	Бақылау бағыты	Бақылау мазмұны	Мерзімі	Бақылау объектісі	Кім бақылайды	Бақылау формасы	Нәтиже қайда тыңдалады	Көрсетілім түрі
1	«Жаңа оқу жылындағы оқу қызметінің негізгі бағыты»	Педагогтардың оқу қызметін мемлекеттік стандартқа оқу жоспары мен бағдарламасына сай ұйымдастыруы	Тамыз	Әдіскер психолог музыка жетекшісі тәрбиешілер медбике	Меңгерушіс әдіскер медбике	Фронталды бақылау	Педагогикалық кеңес	Ақпаратты анықтама Бақылау парағы
2	Балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы орталардың жасақталуы Топтарды дайындау және безендіру сапасы	Нұсқаулық хатқа сай дамытушы ортаны жасақтау Бағдарламаға көрнекіліктер мен атрибуттар Балалар туралы,атааналары мәлімет шығармашылық жұмыстары жетістіктері Топтарды безендіру Шешінетін бөлмені безендіру Ата-аналарға арналған ақпараттар Топтың санитарлық жағдайы	Қыркүйек	Барлық топтар	Әдіскер меңгерушіс Әдіскер медбике	Тақырыптық бақылау	Әкімшілік жиналыс	Ақпаратты анықтама

3	Режимдік сәттер Балалардың денсаулықтарын нығайту жұмыстары	Ертеңгілік жаттығулардың өткізілуі Сауықтыруға жағдайларының жасалуы ҰІӨ кезінде спорттық құралдарды пайдалануы спорттық киімдері Таза ауада ҰІӨ өткізілуі	Қазан	Барлық топтарда	Меңгеруші әдіскер	Тақырып ық бақылау	Педагог калық кеңес	Ақпаратты анықтама
4	Қыркүйек айының индикатор мониторингнің нәтижесі	Балалардың білім деңгейінің көрсеткіші	Қазан	Барлық топтар	Әдіскер	Салыстырм алы бақылау	Педагог калық кеңес №3	Ақпаратты анықтама
5	Тамақтану кезіндегі балалардың мәдени гигиеналық талаптарының сақталуы	-тамақты сапалы дайындалу технологиясын бақылау -тамақтың кесте бойынша топтардың алуын бақылау - мәдени гигиеналық ережелерді тамақтану барысында сақталуын және үстелдің дұрыс жабдықталуын бақылау	Қараша	Тәрбиешілер медбике тәрбиеші көмекшілері асхана қызметкерлер	Меңгеруші әдіскер медбике	Жедел бақылау	Әкімшілік жиналыс	Бақылау парағы
6	Педагог мамандардың картотекаларын жасақтауы Аттестацияға өтініш берген	Барлық педагогтердің ҰІӨ мен күн тәртібіне арналып жасалған картатекларын тексеру	Желтоқсан	тәрбиешілері	Әдіскер	Тақырып ық бақылау	Әдістемел ік кеңес	Ақпараттаы анықтама

	педагогтердің білім іскерлігі мен құжаттардың жүргізілуі	Аттестаттаудан өтетін педагогикалық құжаттары						
7	Циклограмма сай күн тәртібінің орындалуы «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарымен жұмыс жүйесі Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетінің ұйымдастырылуы	Барлық жас ерекшеліктегі топтарды тұрмыстық шаруашылық еңбекке тәрбиелеудің тиімді және жаңаша ұйымдастыруы кезекші тапсырма ұжымдық табиғат бұрышындағы еңбекті ұйымдастыру -ҰІӨ жоспарлау - тәрбиешінің көрнекіліктері -үлестірмелі құралдар -атрибуттар	желтоқсан	Барлық топтар	Әдіскер	Кешенді бақылау	Өндірісті жиналыс Педагогикалық кеңес.№4	Ақпаратты анықтама
8	Мектепке дейінгі жастағы балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін қалыптастыру	Мемлекеттік стандарттың білім салаларына сәйкес бағдарламалық материалдардың меңгерілуі	Қаңтар	Музыкант медбике тәрбиешілер	Меңгеруші әдіскер	Тақырыптық бақылау	Әдістемелік кеңес	Ақпаратты анықтама
9	Ата-аналармен жұмыс Балалардың әртүрлі іс-	Жанұяның және балабақшаның әлеуметтік	Ақпан	Барлық топтарда	Меңгеруші әдіскер	Жедел бақылау	Әкімшілік жиналыс	Ақпаратты анықтама

	қималдарын ұйымдастыру кезінде техника қауіпсіздігін сақтау	серіктестігінің қалыптасуы Балалар өмірінің қауіпсіздігі ережелерінің орындалуы						
10	Тәрбиеленушілерді ң балабақшаға келу деңгейін бақылау Балалардың тілдік құзыреттіліктерінің қалыптасуы	Балалардың қатысымы Барлық топтардың қатысымын тексеріп салыстыру Мемлекеттік стандарттың білім салаларына сәйкес бағдарламалық материалдардың меңгерілуі	Наурыз	Барлық топтарда	Меңгеруші әдіскер	Жедел бақылау	Педагог калық кеңес	Ақпаратты анықтама
11	Балабақшадағы психологиялық медициналық музыкалық қызметтің ұйымдастырылуы	Педагогтардың ҰІӨ Тиімді әдіс тәсілдерін пайдалануы Көрнекіліктерінің сапасы балалардың эстетикалық талғамдарының қалыптасуы	Сәуір	Тәрбиешілер музыка жетекшісі	меңгеруші	Жедел бақылау	Әкімшілік кеңес	Ақпаратты анықтама
12	Мемлекеттік стандарттың білім салалары бойынша мониторинг	Мемлекеттік стандарттың білім салаларына сәйкес бағдармалық материалдардың меңгерілуі	Мамыр	Тәрбиешілер музыка жетекшісі	Әдіскер	Салыстырм алы бақылау	Педагог калық кеңес	Ақпаратты анықтама

7.Әкімшілік –шаруашылық жұмыс 7.1

Өндірістік жиналалыс жоспары

№	Өткізу айы	Жиналыс тақырыбы	Мазмұны	Жауапты
1	Қыркүйек	Жаңа оқу жылын ұйымдастыру	- Оқу жылының мақсаты мен міндеттерін бекіту - Жылдық жоспармен таныстыру - Қауіпсіздік техникасы нұсқаулығы	Басшы, әдіскер
2	Қазан	Алғашқы ай жұмысының талдауы	- Оқу-тәрбие процесінің сапасын талдау - Ата-анамен жұмыс - Мерекелік іс-шараларға дайындық	Әдіскер, тәрбиешілер
3	Қараша	Педагог шеберлігін арттыру жолдары	- Ашық сабақтар ұйымдастыру - Заманауи әдіс-тәсілдермен танысу	Әдіскер
4	Желтоқсан	Жартыжылдық қорытынды	- Балалардың даму көрсеткіштерін талдау - Қысқы қауіпсіздік ережелері	Басшы, әдіскер, медбике
5	Қаңтар	Қысқы кезеңдегі іс-шаралар	- Қысқы мерекелер мен ойындарды өткізу тәртібі - Қауіпсіздік шаралары	Әдіскер, тәрбиешілер
6	Ақпан	Педагогтердің кәсіби дамуы	- Біліктілік арттыру курстары - Аттестацияға дайындық	Басшы
7	Наурыз	Ұлттық құндылықтарды насихаттау	- Ұлттық мерекелер мен ойындарды өткізу - Экологиялық тәрбиені күшейту	Әдіскер
8	Сәуір	Жазғы кезеңге дайындық	- Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары - Қауіпсіздік техникасын пысықтау	Басшы, әдіскер
9	Мамыр	Жылдық қорытынды	- Оқу жылының нәтижесін талдау - Үздік педагогтерді марапаттау	Басшы

7.2 Меңгеруші жанындағы жиналыс

№	Айы	Тақырыбы	Мазмұны	Жауапты
---	-----	----------	---------	---------

1	Қыркүйек	Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттер	- Жылдық жоспарды бекіту - Қауіпсіздік техникасы мен санитарлық талаптарды пысықтау - Педагогикалық құраммен танысу	Меңгеруші, әдіскер
2	Қазан	Оқу-тәрбие процесінің алғашқы ай нәтижесі	- Ашық сабақ сапасын талдау - Мерекелік іс-шараларға дайындық - Ата-анамен жұмыс есебі	Меңгеруші, әдіскер
3	Қараша	Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру	- Біліктілік арттыру курстарына қатысу - Инновациялық әдістерді енгізу	Меңгеруші, әдіскер
4	Желтоқсан	Жартыжылдық қорытынды	- Балалардың даму мониторингі - Қысқы қауіпсіздік ережелері	Меңгеруші, әдіскер, медбике
5	Қаңтар	Қысқы кезеңдегі іс-шаралар	- Қысқы мерекелерді өткізу жоспары - Дене шынықтыру және сауықтыру шаралары	Меңгеруші, әдіскер
6	Ақпан	Ата-анамен серіктестікті нығайту	- Ата-аналар жиналысының қорытындысы - Бірлескен жобалар	Меңгеруші, тәрбиешілер
7	Наурыз	Ұлттық тәрбие мен экологиялық бағыт	- Ұлттық мерекелерді өткізу - Табиғатты қорғау акциялары	Меңгеруші, әдіскер
8	Сәуір	Жазғы кезеңге дайындық	- Жазғы сауықтыру жоспарын бекіту - Ойын алаңдарын тексеру	Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі
9	Мамыр	Жылдық жұмыс қорытындысы	- Жетістіктерді талдау - Алдағы оқу жылына ұсыныстар	Меңгеруші

7.3 Балабақшадағы қауіпсіздік бойынша алдын алу шараларының жоспары

Мақсаты:

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау

Қауіпсіздік ережелерін үйрету

Төтенше жағдайлардың алдын алу

Педагогтар мен ата-аналардың жауапкершілігін арттыру

№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты	Жауапты
1	Қыркүйек	«Балабақшадағы қауіпсіздік ережелері»	Түсіндіру, экскурсия	Балаларды балабақшадағы қауіпсіздікпен таныстыру	Меңгеруші, тәрбиешілер
2	Қазан	«Жолда жүру ережелері»	Өңгіме, серуен балалармен жұмыс	Жаяу жүргінші ережесін үйрету	Әдіскер, тәрбиешілер
3	Қараша	«Өрт қауіпсіздігі»	Тренинг, эвакуация	Өрт кезіндегі іс-әрекетті үйрету	Азаматтық қорғаныс жауаптысы
4	Желтоқсан	«Қысқы қауіпсіздік»	Серуендегі қауіпсіздік әңгімесі	Мұзда, қарда қауіпсіз қимыл жасау	Тәрбиешілер
5	Қаңтар	«Денсаулық – басты байлық»	Дәрігер кеңесі	Суық тию мен аурудың алдын алу	Медбике
6	Ақпан	«Электр құралдарының қауіпсіздігі»	Көрнекілік, бейнеролик	Электр құралдарын қолдану ережесі	Азаматтық қорғаныс
№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты	Жауапты

7	Наурыз	«Табиғат құбылыстарындағы қауіпсіздік»	Өңгіме	Дауыл, боран, найзағай кезіндегі қауіпсіздік	Әдіскер
8	Сәуір	«Су айдынындағы қауіпсіздік»	Өңгіме, тәжірибе	Су маңында қауіпсіздік сақтау	Тәрбиешілер
9	Мамыр	«Жазғы қауіпсіздік ережелері»	Жадынама, ойын	Жазғы серуен, күннен қорғану, су мен құмда ойнау қауіпсіздігі	Тәрбиешілер

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының орындалуы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Қазақ тілі күніне арналған іс-шаралар	Қыркүйек	Әдіскер
2	Қазақ жазушыларының, ақындарының, композиторларының, суретшілерінің шығармаларымен танысу.	Үнемі	Тәрбиешілер
3	Қазақтың ұлттық ойындары және әндерін мерекелік және спорттық ертеңгіліктерде, сабақтарда пайдалануы.	Жыл ішінде	Тәрбиешілер саз жетекшісі
4	Әдістемелік кабинетті қазақ тіліндегі әдебиеттермен және жаңа ұлттық ойындармен толықтыру.	Жыл ішінде	Әдіскер
5	Қазақ жазушыларының суреттерін жинақтау.	Жыл ішінде	Әдіскер
6	«Қазақтың тұрмыс-салт дәстүрлері» атты альбомдар дайындау	Жыл ішінде	Тәрбиешілер

8	«Қазақ өрнектері» атты альбомдар дайындау.	Жыл ішінде	Тәрбиешілер
---	--	------------	-------------